

8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша) PhD философия докторы дәрежесін алу үшін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты А.К. Махадиеваның «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» диссертациялық жұмысына рецензент педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Назымгүл Албытованың

П І К І Р І

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Балалар аутизмнің синдромы қазіргі заманғы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Балалардың аутизмін емдеуге, олардың қарым-қатынасқа емін-еркін түсуіне және ата-аналарына қолдау көрсетуді психиатрлар ғана емес, сонымен қатар психологтар, педагогтар, биологтар, әлеуметтік оналту саласындағы мамандар да жүзеге асыруға тырысады. Соңғы 20 жылда әлемде экономикалық, мәдени және географиялық шекараларды елемейтін аутизмнің түрлері туралы ғылыми зерттеулер балалар психиатриясының тар проблемасынан клиникалық-биологиялық педагогикалық, психологиялық зерттеулердің орталық салаларының біріне айналды. Отбасында аутист баланың пайда болуы ата-анасы үшін қуатты стрестік фактор болып табылады және оған психологиялық көмекті уақытылы көрсету баланың одан әрі дамуына айтарлықтай әсер етеді. Осы тұрғыдан келгенде Махадиева Асель Каратаевнаның диссертациялық зерттеу жұмысы аталған проблеманың шешімін табуға ықпал етеді. Сондықтан зерттеу жұмысында бүгінгі қоғамдық сұраныстан, ғылыми қажеттіліктен туындаған, перспективасы бар тың мәселені көтергендігі айқын.

Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9 – 10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында диссертант А.К. Махадиева зерттеу жұмысында төмендегідей нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген, олар:

– Отандық психология және педагогика ғылымында «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесі» ұғымын анықтап, «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесінің теориялық негіздері мен психологиялық - педагогикалық аспектісін саралаған.

– «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесін іске асырудың ғылыми негізделген заманауи амалдары айқындалған.

– Аутизмі бар балалардың отбасында туындайтын стресс және оның салдарын топтастырып ұсынған.

– «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стрестік жағдайға психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдау көрсету моделін дайындаған.

- «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңу үшін дайындалған педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу моделінің тиімділігін эксперименттік жағдайда дәлелдеп, нәтижесінде осы мақсатта қызмет ететін орталықтарға арналған ғылыми негізделген әдістемелік нұсқау дайындалған.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

«Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге арналған зерттеу жұмысының әрбір нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары логикалық бірізділігі жағынан негізделген.

Ізденушінің зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы ұстанымдарының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттерінің логикасы және ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді пайдалануымен, алынған негізгі нәтижелерінің іс жүзінде дәлелденуі мен мәліметтердің сандық және сапалық талдауымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдің рейтингті журналдарда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы, шетелдік және отандық конференцияларда баяндалуы; талқылануы да зерттеу нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Әрбір ғылыми нәтиженің тұжырымдары мен қорытындылары жаңалық:

1. Бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, психология-педагогика ғылымында «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесі психологиялық - педагогикалық аспектіде тұңғыш рет қарастырылып анықталған.

2. Екінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, аутист бала ата-ана қарым-қатынас жүйесінің іске асырылуының амалдарын ынтымақтастық, көрнекі қабылдау, перцептивті сөйлеу, имитация, вокалдық имитация, өздігінен сөйлеу сияқты топтастарға жіктелген.

3. Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, аутист балалы ата-аналарда кездесетін стресс және оның салдарын нақты белгіленді.

4. Төртінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жаңа моделі ұсынылады.

5. Бесінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуге бағдарланып дайындалған теориялық модель нақты тәжірибеде тексеріліп, қорытындылай келе

әдістемелік нұсқаулық әзірленген және аутист балалармен жұмыс жасайтын орталықтарға ендірілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Үш тараудан жеке тақырыптың ғылыми жүйесіне сай бөлінген тараулардың желісі, диссертациялық жұмыстың ішкі құрылымдық бірлігі сақталған, ұғымдық-категориялық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған.

Ізденуші жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен мәніне сәйкес. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Диссертация нәтижелерінің ішкі тұтастығы кіріспедегі ғылыми аппаратында, үш бөлімде және тұжырымдарында көрініс тапқан. Зерттеу материалдары тұтастығымен, логикалық бірізділігімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны өзара байланыста және сабақтастықта құрылғандылығы зерттеудің біртұтастығын негіздейді. Алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, дәлелдері мен дәйектемелерінің ғылыми маңыздылығы талаптарға сай рәсімделген.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы

Зерттеу барысында алынған нәтижелер өзекті мәселені шешуге бағытталған. «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» диссертациялық жұмысының тақырыбы жарасымды отбасы мүшелері қарым-қатынасын қалыптастыру сияқты қоғам сұранысына жауап береді.

Зерттеу жұмысында «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістемесі жасалып, практикаға енгізілген.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 4 мақала, оның ішінде шетелдік халықаралық-ғылыми практикалық конференцияда 1 мақала, ISI Web of Science, Scopus компанияларының ақпараттық базалар деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие деректер базасына 2 мақала жарық көрген. Ғылыми басылымдар мазмұны жағынан диссертацияның негізгі мазмұнын, нәтижелерін қамтыған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Ізденушінің зерттеу жұмысының қазіргі ғылымға қосарлық маңыздылығының басымдығына мән бере отырып, төмендегідей ұсыныс-пікірлерді ескеру орынды деп есептейміз:

1. Ата-ана мен аутист бала қарым-қатынасында баланың көпбалалы, бір немесе бірнеше балалы отбасында тәрбиеленіп жатқандығы анығырақ көрсетілсе.

2. «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» әдістемелік құралыарнайыстуденттерге бағытталып дайындалса.

3. Диссертацияның 57-бетінде «... амалдарын біз түздік» деген тіркесті «амалдарын біз төмендегідей топтастырдық» деп қолданған дұрыс болушы еді.

4. 18, 43, 97 беттерде курсивпен жазылған сөздер мен сөз тіркестері кездеседі, ретке келтіру керек.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ескертулер диссертанттың зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттердің шешімін толық таба білген. Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми проблема шешімін тапқан.

Зерттеуші Махадиева Асель Каратаевнаның «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен қорғауға ұсынылады.

Ресми оппонент,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры

Н.Албытова

